

Павлодар ауданының ауылдық округтерінің шекараларын өзгертудің кейбір мәселелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 48/6 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 15 шілдеде N 2648 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес және Павлодар ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 4-20 бірлескен шешімі негізінде, облыстық мәслихат және облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылғысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 бөлімше (Мирный ауылы) мен Алексеевка ауылы елді мекен мәртебесінен айрылуларына байланысты таратылсын және кейін есептік деректерден шығарылсын.

2 бөлімше (Мирный ауылы) Красноармейка ауылдық округінің Красноармейка ауылының құрамына енгізілсін.

Алексеевка ауылы Мичурин ауылдық округінің Мичурин ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін сақтау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Н. Шабрат

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров